

ЖЕНІС

60
ПОБЕДА



Генерал НҰРМАҒАМБЕТОВ



ЖАҚЫП ТЕМІРАҚЫН

Генерал НҰРМАҒАМБЕТОВ



**“Елорда”
Астана-2005**

ББК 78.5 + 68.49(2)23

Ж 20

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛЫП ОТЫР

Жақып Т.

Ж 20 Генерал Нұрмамбетов (*қаһармандық гүмірбаян*).
—Астана: Елорда, 2005. 256 бет.

ISBN 9965-06-226-9

Китапта Қазақстан Республикасының №1 Халық қаһарманы, армия генералы, егемен еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, Ұлы Отан соғысының сурапты жылдарында Кубань өнірінен герман фашизмінің апаны — Берлинге дейінгі отқа оранған майдан жолдарынан жүріп откен Кеңес Одағының Батыры Сагадат Қожахметұлы Нұрмамбетовтың ерлікке толы ғұмыры әсерлі баяндады.

Офицерлерге, жауынгерлерге, әскери оқу орындарының курсанттарына, сондай-ақ біртуар тұлғаның әскери жөне мемлекеттік қайраткерлік қызметі жөнінде толығырақ білгісі келетін көпшілік оқырманга арналған.

Ж $\frac{1301000000 - 334}{450(05) - 05}$

ББК 78.5 + 68.49(2)23

ISBN 9965-06-226-9

© Жақып Т., 2005

© “Елорда”, 2005

СҮЙТ ХАБАР

Атамекен

Отан! Осынау сөзді бас әріппен жазуымыздың өзі кездейсоқтық емесі кәміл. Біз ол үшін бойдагы бар қуат-күшімізді, қабілет-дарынымызды береміз. Ал қажет бола қалған жағдайда күллі арман-үмітімізді тәрк етіп, тіпті қара басымызды құрбан етуге дайынбыз.

С. Нұрмагамбетов

Әрбір адамға әлемнің әлдебір түкпіріндегі туған жері, өскен өнірі ерекше қымбат! Есейіп кетсең де етепне жақын тартып тұрады. Осында алғаш рет өмірді таныдың, жақсы-жаманды айыра білуге талпындың. Үміт-арманың осында оянды. Отан деген қасиетті ұғым өзің туған осы өнірден бастау алды.

Әйгілі батыр, Халық қаһарманы Сағадат Қожахметұлы Нұрмагамбетов те бала болған: өз құрбы-құрдастарымен тай-құлышында тебісіп, мал соңынан ерген, жұлдызды аспанға таңдана қарап, таңдай қаққан. Таң біліне алау күннің алтын шапағын тамашалаған. Колхоздың оқу-үйіндегі кітапхана корындағы кітап атаулыны “құныға” оқыған. Ал өмір даналығын ауылдастарынан үйренген.

Қосым ауылында дүниеге келіпті. Ол кезде Кенес өкіметі орнығып, ұжымдастыру ісі қызы жүріп жатса кепек. Осы аралықта бірер отбасы ауылдан бес-алты шақырым қашықтықтағы Дворянка селосына қоныс аударады. Кейіннен Дворянка — Ақмола облысы Алексеевка (бұрынғы Сталин) ауданына қарапты Трудовое совхозы деп аталады. Жаздығұні селоның бір шетіндегі сап түзеген биік қаратағайлар көкке өрлеп, қиялышында тербетсе, келесі жақтағы жап-жасыл жапырақтары сыйдырласқан көк теректер коз

арбайды. Ал әрмен қарай ақ селеулі алқап косіліп жатыр.

Коктем мен күзде Трудовое селосы азан-қазан болады да жатады. Бұл — маңайдағы колді мекендейтін құстардың у-шуы.

Қаһарлы қыста күртік қарға малтығып, қарға адым қадам басудың озі мұнға айналады. Ауыл үйлерінің тобесіне дейін қар басып қалған...

Әке-шешесінен жеті-сегіз жасында айырылған Сағадаттың жетімдік тағдыры тым ерте басталды. Олардың орнын арка сүйер жалғыз ағасы Сағит басты.

Селода қазақтармен бірге орыстар, україндар, белорустар, чуваштар тату-тотті омір сүріп жатты. Сағадат олардан омірлік онеге алды. Әсіресе, озі аса қадір тұтатын колхоз бухгалтері Петр Иванович Куниковтың бейнесі күні кеңегідей көз алдына келеді. Шіркін-ай десенші! Есепшоттың тастарын сарт-сұрт қаққанда, колы қолына жұқпайды. Және қателесіп көрген емес. Ол ауданда қашанда бірінші боп бухгалтерлік есеп тапсырып үлгеретін. Ал Тихонко атай-дың әңгімесі ше? Ол отырған жерде айналасы үлкен-кішіге толып кетеді. Бәрі де карияның оз басынан откерген қылы оқиғалар жонінде айтып беруін отінеді. Ол, әдеттегідей, жоткірініп алып: “Е, біз не кормедік...” — деп бастайды да, әрбір созін салмақтай отырып, озі солдат боп қатысқан бірінші дүниежүзілік соғыс туралы қызғылықты оқиғаларды әсерлі баяндап, бала атаулыны баурап алады. Солардың ішінде әңгімеге еліткен Сағадат бірде өзін лай сулы окопта отырған солдаттай сезінсе, енді бірде винтовкасын кесекөлденен ұстап, шабуылға шыққан төрізді; тағы бір сөтте өзін солдаттар: “Патша жойылсын!”, “Соғыс жойылсын!”, “Жасасын Ленин!” — десіп айқай-сүрен салған митингіден көреді.

Есейіп қалған Сағадат Тихонко атай бүкіл селода бір өзі жаздырып алатын “Колхозшы құнтізбесін” парактап коруге бергенде, айрықша қуанышқа кенелді. Онда кобінде: кара бидай, бұршақ, жүгері және пішенденмені қалай осіру, құрғату жонінде кеңес беріледі. Әлем елдері мен халықтары туралы бірқатар мәліметтер келтіріледі. “Колхозшы құнтізбесі” — оз уақытының барлық сауалына жауап берген басылым төрізді боп сезілетін Сағадатқа. Тимофей Мовчаниның үлдары — Григорий және Иванмен дос-жар болып, кейіннен соғысқа да бірге аттанды. Маша Литош

шे? Оның есімін естігенде, Трудовое селосының бетке үстар жігіттері күрсініп сала беретін... Жабырқауды білмейтін жайдары мінезді Мәкен Баймағамбетов, Федор Тумаев, Орынбай Кәшіков, Николай Соболев сынды аяулы достары, қаршадай кезден бірге өскен жерлестері майдан даласында мерт болады деп кім ойлаган... Әсіресе, егіз қозыдай бол жұптары жазылмайтын Илья Колебаевпен достығы тым берік-тін. Оның әкесі Петр Николаевич бұларды корген бойда: “Құр сенделіп жүре бермендер. Оқындар. “Оқығаның жүзі — жарық, оқымағанның жүзі — кон шарық”, — деуден жалықпайтын. Өйткені ол қаршадай кезінен тағдыр тауқыметін тартып, батырақ бол жалданып, бейнет көрген кісі еді.

... Сағадат ағасы Сағитты айрықша жақсы көретін. Сұнғақ бойлы, мойылдай қара көзді ол анасына тартқанды. Оның қолдары қатқылдау өрі қуатты. Жастайынан ағаш дайындау жұмысына жегілді. Шоп шапты, нан тасыды, айналып келгенде, үлкендер не бүйірса — соны орындауды. Ақ-адал еңбегімен күнелткен аяулы жан еді. Үйде де ешбір жұмыстан бойын аулақ салған емес-тін. Отбасы онсыз күн көре алмайтын төрізді еді. Сағадатты — “Сағадатжан”, — деп еркелете аттайтын. Базбірде оны бауырына басып тұрып: — Сағадатжан, сені адам етемін. Өкімет сені жарылқайын деп тұр, — деп сыбырлай сөйлейді.

Інісі аға сөзін байыппен тыңдайды. Бірақ “окімет мұны қалай жарылқайтынын” түсіне алмайды. Дегенмен, бұл омірде білім алудың мәні зор екенін қоңіліне токи берді. Расында, колхоз төрагасының озі оқи алмағанына окініп жүрген жоқ па? Ал оның қасында бухгалтер құдайдың еркесі дерсің... Өйткені оның білімі бар. Және оған өтініш айтып, ақыл сұрамайтын адам жоқ.

Сөйтіп, Сағадат бірінші сынның қуана-куана барды. Бұл отыз үшінші — ел ішін аштық кеулеген жыл еді. Женгесі оның әбден тозығы жеткен кенеп шалбарын бар онерін сала отырып, жамап-жасқап берді. Ақ көйлегін отектен кигізіп, осындай “салтанатты” жағдайға арналған мауыты пенжегін інінен ілді. Осылайша Сағит ағасы мен женгесінің арқасында “парадтық” киімдегі Сағадат басқа да ауыл балаларымен бірге “пірәшкө” арбаға мініп, Алексеевка селосындағы орыс мектебіне аттаанды.

Білімпаз бала

Мектеп мұғалімімен алғашқы кездесу Сағадатқа қанат бітіргендей болды. Ольга Дмитриевна Когутенко ақ жарқын адам екен. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушысына аса бір мейіріммен қарап: “Оқығың келе ме?” — деді. Бұл не десін. Бар болғаны басын изеп, еденнен козін алар емес.

Мұғалима өзі секілді жаңадан келген бірер оқушыны жанына шақырып, Машенька есімді қыз жөне үш аю тура-лы ертегіні оқи бастады. Демін ішіне тарта үнсіз отырған Сағадат мұғалиманың әрбір созін мұқият тыңдады. Ол бір сот үнсіз қалып, мейірімге толы жайдары жүзбен: “Балалар, бұл ертегіні сендерге арнап Лев Толстой жазған”, — деді. Енді суретке қараңдар. Ольга Дмитриевна бұларға рамага салынған үлкен портретті корсетті. Сақалды атай үжым төрағасына ұқсайды екен. Сағадат: “Осы кісімен кездессер ме еді? Небір ертегіні оз аузынан естісsem, шіркін!” — деп ойлады.

Сағадат осылайша мемлекет қамкорлығындағы мектепке қабылданды. Оқуга ынталы болғанымен, білім бастаудың бірден игеріп кете қойған жок. Сол кездес бұдан үнемі көз жазбайтын үстазы Ольга Дмитриевна комекке келді. Соның арқасында оз күшіне сеніп, бір жылда екі сыныпты қатар бітіретін қабілет-қарымын байқатты. Зерек баланың бұл табысы, өсіресе, ауылдасты Теміrbай Әбішевті қайран қалдырды. Ол Сағадатты тап бір ақылгой ауыл ақсақалындаі коріп, қайда барса да сонынан қалар емес. Тіпті орыс мектебіне ауысуға ниет білдірді. Бірақ ол бір жылда екі сынып бітірген Сағадаттың орыс тілінде алдымен келетін қосымша сөздің қарапайым емле ережесін түсіндіре алмай, қарадай әлекке түскенін көргенде, бұдан түңілгендей болды. Ойткені ол бұл ережені кейіннен өз бетімен-ақ оқып-үйрәнді.

Неге екені белгісіз, Сағадат сөз алдынан келетін: “на”, “у”, “под” тәрізді көмекші сөздердің атқаратын ролін түсіне алмай-ақ қойды. Сонда ғой, Ольга Дмитриевна қолына қарындаш алып, үстел үстіне қояды да:

— Сағадат, қарындаш қайда жатыр? — деп сұрайды. Бұл:

— На столе! — деп жауап береді. Мұғалима қарындашты қайта алып, үстел жанына қояды да:

— Енді қайда? — дейді.

Тап осы тұста окушы бала мұғалімнің нені талап етіп тұрганын, оған не деп жауап берерін білмей басы қатады. Ольга Дмитриевна бірде одан дұрыс жауап естіген сөтте:

— Мен бүгін бақыттымын! Енді сениң ісің онға басатын болды! — деп балаша куанды. Айтты-айтпады, Сағадат та екінші тынысы ашылғандай күй кешті. Және оқу жылы аяқталғанша емле ережесінен жаңыла қойған жері жок.

* * *

... Сағадат ауылына оралды. Өйткені оз нанын өзі тауып, ағасының отбасына қолқабысын корсетуі тиіс. Көп үзамай далалық бригаданың есепшісі болды. Сауаты жеткілікті Сағадатқа бұл жұмыс бәлендей қыындық келтіре қоймады. Сонымен бір мезгілде тракторларға жанармай жеткізу жұмысы да жүктелді. Бұл өте қажет — өйткені әрбір трактордың “өз тағамы” бар. Бірте-бірте салмағы екі жұз килограмдық бөшкелерді — екі тақтайды тірей салып, жалғыз озі арбаға тиетін болды. Ал арба айдауды қаршадай кезінен біледі. Далалық бригададағылар бір кісідей тату-тәтті еңбек етеді. Бір-бірін қас-қабактарынан-ақ айтпай түсінеді. Елгезек бала Сағадатты колхоздың үздік тракторшысы Павел Егоров өз қамқорлығына алды. Ол аса бір ақ жарқын, әрі мейірімді адам еді. Павел жұмысты қолы қалт еткен бойда: “Сағадат, адамдарға арқа сүйе”, — деп жиі айтады. Соның өсері ме, Сағадат адамдармен қоян-қолтық араласу барысында кокейіндегі өз ой-пікірін үлтамай-қызырмай батыл айтуға үйренді. Өзін толқытқан әлдебір мәселе жонінде айтпастан бұрын алдын ала ойланып алатын, іс мәнісін білетін адамдардан ақыл-кеңес сұрайтын. Соның арқасында ауылдастары да мұны баласынбай, пікіріне құлак асатын болды. Әр түрлі тапсырмалар бере бастады. Тіпті жиылыштарда сөз сойлеуіне сенім білдіретін. Бірде колхоздың жана торағасы Григорий Луценко Сағадатты колхоз кеңесінін шақырып алды да:

— Сағадат, Ақмолаға баруға даярлан, өз жұмысынды Семен Романовтың нұсқауы бойынша тапсыратын боласың, — деп бүйыра сөйледі. Түк түсінсе, бүйірмасын. Сондағы кінәсі не? Берген жауабы:

— Ақмолада не жоғалтыппын? Маған өз ауылымда жұмыс істей өлдекайда үнайды.

— Қоразданбай-ақ қой, — деді колхоз тарағасы. — Саған үлкен сенім артып, саяси-ағарту қызметкерлерінің курсына жіберейік деп отырмыз. Бөлкім, білдей бір саяси қызметкер болып шығарсың.

— Қазір қайда баруым керек? — деп сұрады Сағадат оқиғаның бұлай өрбігенине таңданып.

— Шөп шабу аяқталған бойда жолға жиналатын бол!

* * *

Сағадат шөп шабу науқанын бейне бір мерекеге бара жатқандай асыға күтті. Ұшы-қыры жоқ жап-жасыл теніздей боп толқыған шабындықты коз алдына әкелді. Шүйгін шөп тізеден жоғары келеді, сан алуан түспен құлпырған дала гүлдері коз арбайды. Жұпар ауа. Жабайы араның ызыны естіледі.

Таң біліне ауыл адамдары шөп шабуға шығады. Шыңдалған шалғы шоптің шырынды сабағына жанаңсан сәтте-ақ жапырыла құлап бара жатады. Сөт сайын жоғары сілтенген шалғы жүзі күн соулесімен шағылысып, жалт-жұлт етеді. Солардың қатарындағы Сағадат та көнігі шалғышылардан қалыспауга барын салады. Осылайша қашан бұларды дем алуға шақырған белгі берілгенше шалғысының жып-жылтыр сабын уысынан босатпайды. Ал жетекші шалғысының сабын жұмсақ жерге кадаған кезде, бұл да шабылған шоптің үстінен құлай кетеді. Содан: “Жігіттер кеттік! Күн болса мынау — керемет!” Осылайша жарқырап тұра бермес!” — деген даусы естілгенше шалқадан түсіп, қимылсыз жатқаны.

Сағадатты күні бойғы қауырт жұмыстан кейінгі өсем кештер айрықша қуантатын, күн батқан кезде айнала тоңіректе алау жағылады. Бәрі бір жерге жиналған тұста — шабындық аспанында ән қалықтайды. Ең өуелі нәзік мүн мен үздіккен үмітке толы созылыңқы өуенді украин әндерең тындаған жанның жүрегін бірден баурап алады.

Сағадат шөп шабу науқаны аяқталуға санаулы қүндер қалғанда, маусым айының жүлдізды кештерінің біріндс ауылдастарымен қоштасты. Енді, міне, арба үстіндегі әлі де кеүіп үлгермеген балауса шоптің үстінде шалқалай жатып зенгір аспан аясындағы жымың қаққан жүлдіздарға, жарық айға ойланған қарап келеді. Жанағы жүрек тербер сазды өуен де өзімен соңғы рет қоштасып қалайын дегендей,

еміс-еміс естіліп барып үзілді... есіне осыған дейінгі откен омірі тұсті. Айтары жоқ, оңай өмір сұрмеген анық. Алайда бір жапырақ нанын ақ-адал енбегімен тапқан екен. Сол үшін адамдар да бұған сыйластықпен қарады. Сенім арты. Демек, өмір сонысымен де қымбат!

Сол бір кештегі шегіртке шырылы, арба донғалағының сықыры алыстаған сайын — әзер естіліп, тына қалған ән сазы, сондарынан қалмай, ілесіл келе жатқан жарық ай... алғаш рет ауылынан үзап шыққан бозбала жүрегін әлдебір қимастық сезімге боледі.

Софыс

Сағадат сабаққа әдептегісінен ерте келді. Таң алдындағы тыныштық. Кошеде бейсаут жүрген ешкім жоқ. Сол тұстағы Ақмола — шағын қала. Саз балшықтан жөне ағаштан салынған үйлердің үстіңгі жағынан шіркеу мен мешіттің, су тартқыш гимаратының сұлбалары сонадайдан сорайып корінеді. Осының алдында ғана салынған Киров атындағы мектеп пен Қарағанды темір жолы басқармасы құрылышының да енсесі биік. Қала базары мен вокзал қашшанда шулы. Мұнда асфальт тоселінген бір де бір көше жоқ. Жазда қала үсті қою шаннан арылмайды. Ат желіп откен жерден сүр бүлтқа үқсас шаң бүрк ете қалады, сықырлаған арбаның сонынан бүкіл кошенің үзына бойына шубатылған манағы шаң ере жонеледі, ал анданда бір мәшине зу ете қалса бітті, үйлердің өзі “шаш шымылдығының” тасасында қалып қояды...

Мектеп гимаратындағы сыйнштардың біріне орналасқан курсқа әлі ешкім келе қоймапты. Ол терезені ашып, онсыз да таза тақтаны ылғал шүберекпен сұртті. Бор мен көрсеткіш таяқшаның бар-жоғын тексерді. Сағадат бүгін курс кезекшісі еді. Осы аралықта окушылар да келе бастады. Бәрі де конілді. Бейқам.

Сыйнқа ентелей басып кіріп келген директордың оң-әлпеті бейнебір орт сондиргеней боп қабарып кетіпті. Қатал кейіппен оң қолын сөл жоғары көтеріп, ерні дірілденкіреп әзер сөйледі.

— Жігіттер, тынышталындар! Соғыс...

Манағы шат-шадыман коніл күй, алаңсыз әзіл-күлкі су сепкендей басылды.

Осынау қорқынышты сөз қай-қайсысының да жүрек тұсына долдеп үрган ауыр соққыдай әсер етті. Күні кеше

ғана оздері ол жөнінде айтысып-тартысып, үрейленс жек коретін нәрсенің шының болып шықаны ғой. Ақыры, міне, ақиқатқа айналған, естіген жанның тұла бойын түршіктірер сүйт хабар!..

Соғыс!!!

Директор жабырқау жүзбен тағы тіл қатты:

— Аланды жүртшылық митингіге жиналыш жатыр...

Окушылар тап бір шүғыл тапсырманы орындауға асық-қан солдаттардай боп, сыныптан сыртқа қарай тұра ұмтылысты. Сағадат та солармен бірге жанушыра жүгіріп келеді. Өйінде бір ғана үғым — соғыс! Бәлкім, ол қателесіп айтты ма? Қазір бөріне: “Үйлеріңе қайтындар. Бұрынғыдай алаңсыз омір сүре беріндер”, — деуі де мүмкін ғой.

Алан үсті үздіксіз ағылып келіп жатқан мындаған адамдардың табан астынан котерілген шаң-тозаңынан корінбейді. Ол жиын-тоңты бұза-жарып, басшылық келуі тиіс түсқа таянды.

Сирек мұртты қарт қазақ:

— Тағы да сол қарғыс атқыр неміс, — дес терең күрсінді.

Ұзын бойлы, еңкіштеу, арықша келген, қуатты қолдары күнге күйіп қарайған орыс мұжығы оған:

— Ақсақал, корген құқайымыз бір бұл емес. Мұны да коріп алармыз, — дес, басу айтты.

Митингіні кім ашқаны есінде қалмапты, бірақ жүрт алдына шығып сойлеушілер коп болды. Олар фашистік Германияның опасыздығы ғана емес, Гитлердің Кеңес Одағына соғыс жарияламастан — баса-коктеп кіргені жайында да жарыса айтып жатты. Наполеон армиясы Ресейге базып кіргенде де, бүкіл Еуропаның күш жұмылдыруына қарамастан, француздарды фельдмаршал Михаил Иванович Кутузовтың басшылығындағы орыс армиясы тас-талқан еткенін еске алысты. Митингіге қатысушыларға, әсіреле, жуырда Хасан колі мен Халхин-Гол озені маңайындағы жапон агрессорларымен болған қактығыстарға және кеңес-фин соғысында Карель мойнағындағы ұрыстарға қатысушылардың сезі айрықша әсер етті. Соз алғандардың копшілігі бұрынғы және қазіргі кезеңдегі соғыстар мен қактығыстар орыс халқының, ал кейіннен Қызыл Армияның жауларын толық женуімен аяқталғаны жөнінде қадап айтты. Сағадаттың бұл айтылғандардан анық аңгарғаны: жау талқандалады және түптің түбінде жеңіс — Қызыл Армия жағында болады.

Директор митингіден соң бұларды курска жедел жина-лындар деп бүйрық берді. Бәрінің басы қосылғанда, дау-сына діріл араластыра сойледі:

— Балалар, сендердің үйлеріне аман-сau жетулеріңе тілекtesпін. Бағдарламаны менгеріп, курсты аяқтай алмағандарың өкінішті. Жауды женгеннен кейін кездесерміз...

Сабак тоқтатылды. Құжаттары қайтарылып, бәрі де өз ауыл-селоларына аттанып кете барды. Сағадат та Трудо-вое селосына бет алды.

Пойызбен тоқсан шақырымдай жер жүріп, жол айры-ғына таянған тұста тамбурдан секіріп түсті де, жолай көлікті күтпестен селоға қарай асығыс жүріп кетті. Аулаға кіре бере — у да шу бол жатқандардың үстінен түсті. Жылап-сықтау, бұған қоса — малдың маңырап-мөнірегені естіледі. Тап бір соғыс бұл жерден мындаған шақырымда емес, осы ма-найда отіп жатқан тәрізді.

Ағасы үйде екен. Көздері мұнға толып, ернін жымқы-рып алған. Өмірінде күліп кормеген адамға үқсайды. Інісін құшақтап тұрып:

— Келгенің жақсы болды ғой. Мен әскерге шақыру қағазын алып, жолға жиналып жатырмын, — деді.

— Майданға ма? Мен де сенімен бірге соғысқа бара-мын! — деп қойып қалды Сағадат.

Ағасы күлімсіреп:

— Онда сен секілді “батырларды” күтіп отыр деп пе едің? Асылқпа, әлі үлгересің... — деді бұған емірене қарап.

Балаң жігіт басы салбыраған күйі ағасын майданға шығарып салу қамына кірісті.

Трудовое селосынан бірнеше ер-азамат аттанды. Олар-сыз қараша үйлер қаңырап қалғандай көрінді. Енді, міне, өзіне аса қымбат адамды алыс сапарға аттандырғалы тұр. Жеңгесі дауыс сала сыңып, үйелмелі-сүйелмелі төрт жөн екі жасар балалары да бақырып жылап жүр. Сағадат болса, ернін тістеніп, арба соңынан ойланған ілбіл келеді. Сағит ағасы Алексеевкадағы жиналу пунктінде біраз болып, үйге оралатын тәрізді. Өйтпеген күннің өзінде бұлар майдан даласына жете бере — соғыстың аяқталғаны жонінде хабар жетері сөзсіз. Сағадат енді бірде: көр де тұр, біздің жаужұ-рек батырлар көп ұзамай-ақ фашистердің тас-талқанын шығарады деп те киялға беріледі. Осы ойна сенген Саға-дат ағасы бетінен сүйіп:

— Бара ғой, біздің үйге де бас-көз боп, көмектесіп тұрарсын, Сағадатжан, — деп тебірене тіл қатқанда да, көзіне бір тамшы жас алмады.

* * *

Сағит сол кеткеннен — мол кетті. Тек жол-жонекей жазған хаты ғана қолдарына тиді. Смоленск арқылы батысқа бет алғандарын хабарлапты. Жау жасағы иек астында корінеді. Ұшы-қыры жоқ орманды өнірге таңданысын білдіріпті. Әлде, өзі ағаш кесуші боп құнелткенін есіне алды ма екен? Хат сонында үй ішіне аман-саулық тілеп, кешікпей келетінін хабарлапты.

Сағадат ағасының хатын бірнеше рет дауыстап оқыды. Кешікпей келем деуіне қараганда, жағдайлары жаман емес-ау деп ойлады. Ал мен болсам: “Майданға бармақ түгілі, әскери киім киүгө жарамаспын”, — деді жаны жудеп. Бүйткенше, шұғыл түрде әскери комиссариатқа баруы тиіс!

Әскери комиссариаттың қабылдауына кешке қарай өзер ілікті. Мұнда Сағадат сияқтылар жыртылып-айрылады... Бәрі де майданға бару үшін жан ұшырып жүр.

Кен кабинеттегі үстелдін арғы тұсында сыртқы пошымы жып-жинақы, шашы ұқыпты қылыш, таралған әскери киімді адам отыр. Бір козін қара түсті таңғыш жасырыпты. Бірақ түр-әлпеті тартымды. Кен қеудесімен тұтаса тым жарасып түрған гимнастеркасының онірінде Қызыл Жұлдыз ордені жарқырайды. Әскери комиссар Сағадатқа жылы жүзбен жыымиды:

— Сенің де майданға барғың келе ме?
— Тап солай!
— Ал сен үшін жұмысты кім істейді?
— Адамдар жетеді ғой...

— Комсомолща ойлап түрған жоқсын. Әлі жас екенінді білесің бе? Сағадаттың басы салбырап кетті. Әскери комиссардың қабағы түксие қалды.

— Үндемейсің, ә? Құні бойы қаншама іс тындырап едін. Майданға да көмегің тиіп, менің де уакытымды алмас едін.

Комиссар женіл күрсініп, жайдары қалыпқа түсті де, бұған жылы жүзбен қарап:

— Сенің үлесіңе тиер таукымет жетеді. Бар да — жұмыс істе! Қажет болса шақыртып аламыз. Жігітім, біздегі шақырылуышылар есебі мұкият жасалған, — деді.

Сағадат бұл уәжге қарсыласып бақты: “Жолдас, өскери комиссар, мені бүйтіп жұбатпай-ақ қойыңыз, мен сияқтылар соғысып жатыр...”.

Комиссар мұны қос иығынан қапсыра құшақтап, есікке дейін шығарып салды.

— Менің уақытым аз, жарқыным. Сағатың соғар сәтін күт, — деп кабинетіне қарай бұрылды.

* * *

Әскери комиссариаттан шақырту қағазы келе қоятын түрі жоқ. Сағит ағасынан да хат күткелі қашан... Өзі болса, күні-түні үй көрмей, колхозшылармен бірге егіс даласында енбек етеді. Міне, қаталдау көрінгенімен, қамқор көнілді Павел Егоров та өзін қоярга жер таппай жур: оған үздік тракторшы ретінде бронь берілген-ді. Әл-дәрмені құрығанша жұмыс істейді. Қайбірде үсті-басы шаң-шан болып, ішегі шұрылдал — ас ішпегеніне қарамай, трактор рулінен ажырамайды. Бір сәт болса да, тыным алсаншы дейтіндерге қайтарар жауабы: “Менің орным танкте, ал мен болсам құр босқа қарға үркітіп, қатын-қалаш, бала-шағаның қасында жүрмін...” Ол майданнан жайсыз мәліметтер келгенде, қатты күйгелектеніп кетеді. Сол бір күндері майдан өмірінен алынған мәліметтер куанта коярлықтай емес-тін...

Сағадат мұндай мәліметтерді елден бұрын естиді. Өйткені дала бригадасындағы жұмысты клуб менгерушілігі мамандығымен қатар істейді. Қаниша дегенмен, Ақмоладағы саяси-ағарту қызметкерлерінің курсында жиырма күндей оқығаны бар... Оку үйінің кең залында Кенестер Одағының географиялық картасы ілуі тұратын. Алексеевкадан радио тындалап болған соң (ол кезде Трудовое селосында радио болған жоқ) қолмен көшірілген ең соңғы мәліметтерге немесе газетте жарияланған деректерге сәйкес картаға қызыл және көк жалаушаларды жapsырып қояды. Бұл майдандағы жағдай. Карта алдына көп халық жиналады. Соғыс жөнінде әр түрлі әңгіме, болжам айтылып жатады. Тіпті қайбірде жауды тез арада жену үшін не істеу керектігі жөнінде де ұсыныс-пікірлер қылан береді. Ауылдастарының бет-әлпетінде үрей ізі байқалатын сәттер де аз емес... Расында, майдан оқиғаларының барысы — Кенестер пайdasына шешіліп жатқаны шамалы.

Майданнан келген кез келген хабар мүқият талданады. Кейбіреулері бәрін жау қолына қалдырып, біздің мүйізі қарастайдай қолбасшылар қайда қарап отыр деп күңкілдейді. Мұндайлардың сөзін жұртшылық аузын аштырмай тынып тастайды. Село түрғындарының ішінде қазір қанды қактығыстар жүріп жатқан Белоруссия тарарапынан, Белгород, Курск және басқа облыстардан келгендер де бар. Ауылдастарына, әсіресе, Москва, Киев қалалары жоніндегі әңгімелер үнайды. Қызыл Армияның фашистерді Москва түбінде тоқтатып, астанадан аулаққа қуып шықканын білгенде, олардың шексіз қуанғанын созбен сипаттау қын. Эрбір жылт еткен жеңіс халықты жігерлендіріп отырды.

Сағадат сол тұста болулы үндеу қағазын шығарып тұратын. Онда бейбіт елге баса-коктеп кірген гитлершілдердің үсқынсыз бейнелері, адамшылыққа жат іс-әрекеттері сыналып, “сыбағасы” берілетін-ді. Ол бұған қоса, кімнің қалай және қанша табыс тапқаны жоніндегі табель-енбеккүнді қабыргаға іліп қояды. Сол арқылы колхозшыларды ынталы енбек етуге, Қызыл Армияға неғұрлым кобірек азықтұлік, жылы киім-кешек беруге үгіттейді. Озаттарға құрмет көрсетіліп, артта қалғандар сынға үшірайды.

Соғыс ауыртпалығы мен тауқыметі, негізінен, әйелдердің иығына тұсті. Колхоздың бұрынғы шалқыған байлығы көзден бұл-бұл үшқалы қашан... Қамбалар қанырап бос қалды. Бұрынғыдай көнілді де әсем ән-әуен естілмейді. Әйтсе де барлық күш-куат енбекке жұмылдырылды. Ауылдастар бейне бір ынтымағы жарасқан өнегелі отбасындағы боп, тату-тәтті омір сүрді. Соның арқасында колхоз әуелгісіндей алдыңғы қатарлы ұжым атанип, мемлекет жоспарын мұлтікіз орындаған отырды. Сағадат та жүрт қатарлы уақытпен санаспай, трактор бригадасындағы жұмысын жалғастыра берді.

Клубта кеш сайын газеттерді, майданнан келген хаттарды дауысталп оқу шаралары өткізіледі. Бұл қебінде Сағадатқа жүктеледі. Кейде сауаты аздау ата-аналардың атынан майданға хат жазуына тұра келеді. Бір қызығы, мұндай хаттардың бәрі: “Фашистерге бас-көзге қарамай, соққы беріндер! Біз туралы алаңдамаңдар. Біз қашанда сендермен біргеміз, батырлар!” — деп аяқталатын.

Ауылға алғашқы “қара қағаз” шілде айында келді. Оның адамға әсері сондай: әлдекім мойнына тұзак салып, қылқындыра түскендей сезімде жүресің. Сағадат пошташымен кезіккен сайын, тіпті өзіне де беймөлім ішкі түйсікпен ол

ұсынған үшкіл хатқа секемдене қол созады. Әгәрки, қисық-қыңыр қаріптермен жазылған хатты көрсө бітті — құдік-күмәні сейіліп сала береді. Өйткені ол ағасынан айырылып қалудан қорқады. Оның жазған хаттарынан сөзге сараң екені байқалатын: бар болғаны — алғашқы бомбалау, алғашқы ұрыс және өзінің ұрыста қаза болған жолдастары жоніндегі бірер сөйлемнен артыла қоймайды. Сезімтал Сағадат осының өзінен-ақ соғыс тауқыметінің адам төзгісіз ауыртпалығын, жасанған жаудың асқан жауыздығын терең түйсініп, оған деген өшпендейлігі бұрынғыдан бетер арта түседі. Бойында бұғып жатқан жалғыз тілегі бас қотеріп, қалайда майданға бару үшін тағы да тәуекел етуге бел буды!

* * *

Әскери комисариатқа кезекті сапары тағы да нәтижесіз аяқталды. Жауап біреу: әлі жассың, еңбек ет! Колхозға қайта оралды. Қарсы алдынан пошташы кезіге кеткені. Ол мұны көрген бойда тоқтай қалды, таянған кезде күмілжіңкіреп барап: “Сағадат, жігітсің ғой, өзінді ұста”, — деп басу айтты.

Сағадат конвертке үрэйлене үңілді. Өзіне таныс, “ши-майдың” орнына қара түсті тасқа басылған сөздерді көріп, тұла бойы тітіркеніп кетті. “Мен “қара қағаз” алмауға тиіспін. Ағатайым тірі! Тірі!..” — деген ойдан есенгіреп кеткендей болды.

Бірақ пошташы бір орнында әлі қалшиып тұр. Қолында конверт...

Ағасы Новгород түбінде жау жасағымен болған қанды ұрыста қаза тауыпты. Үйге келгенде женгесі үрейі үшқан балаларын бауырына басып, дауыс сала зар енреді. Барлық көше-көшеден ағылып келіп, аулаға жиналған адамдар оны жұбатып жатыр. Бұл байғұс бірде есінен танып барып, сөл тыншыса, енді бірде қайтадан қасіретті жоктауға басады.

Сағадат тұні бойы дөңбекшіп кірпік ілген жок. Коз алдына аса қайырымды, қамқор қоңіл ағасы елестей береді. Оның қазасы үшін фашистерден кек алуы тиіс!

Осы ойфа бекінген ол бозала таңнан тұрып, әскери комисариатқа келді. Тап осы жолы қашан майданға жібермейінше — табалдырығында тапжылмай жатып алуға бекінген. Әскери комиссар Сағадатты ескі танысында күлімсірей қарсы алды. Иығынан қапсыра құшактап:

- Ағаңナン айырылғаныңды білемін. Берік бол, — деп шын пейілден көңіл айтты.
- Майданға жіберіңіз. Дереу!
- Эй, сен де бір айтқаныңナン қайтпайтын балақай екенесін.
- Мұны сізден үйрендім. Қанша рет бас тартқаныңызды білесіз бе?

Әскери комиссар кенеттен қабағын түйіп:

- Адыраймай-ақ қой. Бір айлық жиында сыннан отсең — көре жатармыз. Тағы да ескертейін: мен сені жиынның комиссары ретінде тағайындаимын. Бөлкім, сенімімді ақтауға тырысарсын.

Ол мұның қандай қызмет екенін, озінен не талап ететінін күңгірт түсінсе де, бірден келісімін берді.

Жиын алдында алғашқы құні-ақ “Совинформбюро” мәліметтерінен құралған саяси ақпаратты оқып берді. Радио тыңдауды ұйымдастырды. Жігіттермен әңгіме-сұхбат жүргізді. Олардың көшілігінің өкелері немесе аға-бауырлары майданда. Сондықтан барлығы дерлік жақын-жұықтарының жаңына тезірек барғысы келеді. Бұл жонінде әскери комиссарға баяндады. Ол: “Адамдармен тіл табыса аласың, жарайсың!” — деді. Бірақ мақтауы жабырқау көнілін жадырата қоймады. Одан да: “Майданға жібереміз” деген жалғыз ауыз сөзін күткен-ди.

Осы бір адам жиындағыларды жіті бақылап, олардың өркайсысының неге бейімділігін байыппен анықтап жүргені қаперіне келменті. Әскери комиссар жиын аяқталар кезде сінді екі құннен кейін әскери комиссариатта, сағат он нөл-нөлде әскери училищеге оқуға түсушілерді таңдау жөніндегі комиссияның отырысы болатынын айтты. Барлығы түптута белгіленген уақытта жиналды. Үстел басында әскери комиссар отыр. Ол бұған:

— Денсаулығың қалай, Нұрмагамбетов? — деп сауал қойды.

Сағадат әзірге денсаулығына қатысты шағымының жок екенін, ешбір жері ауырмайтыны жонінде айтты.

— Жақсы, — деді әскери комиссар. — Дәрігерлер денсаулық жағдайынды анықтаған соң, ақырғы нәтиже шығарамыз.

Дәрігерлер дені-қарны сау деген анықтаманы қолына ұстартты.

Әскери комиссардың қорытындысы:

— Нұрмамбетов, сені өскери училищеге түсуге лайық деп таптық. Егер емтихан тапсырып, оқуды ойдағыдай бітірсөн, командир боласың.

Бұл 1942 жылдың шілде айы еді. Соғыс басталғалы бері де бір жылға жуық мерзім откен. Оның өзірге аяқтала қоймасы белгілі. Сағадат ендігі жерде алғы шепке асығудың орны жоқ екенін айқын түсінді. Өйткені өзінің өскери даярлығы жақсарған сайын соғыс тәсіліне төселе түсетінін билетін. Ал училищеге жолдаманың жөні бөлек... сөтін салса, офицер болуы да ғажап емес! Мұның озі қарғыс атқыр фашистерге соққы беруге септігін тигізері сөзсіз деген сенімде болды.

Әскери училище

Болашақ курсанттар жол үстінде. Әскери комиссариатта Түркменияға баратындары жөнінде алдын ала хабарлаған. Бұл онірге табан тіреу үшін, ең алдымен, Петропавл, Омбы, Новосібір, Барнаулды кесіп өтіп, Қазақстанның Семей, Алматы, Жамбыл, Шымкент қалалары арқылы межелі жерге жетуге болады. Аталған бағытқа осылайша орағытып үзак жүрге мәжбүр ететін себеп — ол кездері Қазақстанның солтүстігі мен онтүстігі аралығын жалғастыратын төте темір жол салынбағандығы еді.

Келесі бағыт Өзбекстанның — Ташкент, Самарқан, Қоқан қалалары арқылы өтеді. Бұлар мінген пойыз Әмударияны кесіп өткенде, Түркменияның жеріне келгендерін білді. Алғашқы аялдама Шаржы, одан кейінгісі Байрам-Әлі қалалары.

Түркмен топырағына алғаш рет табаны тиген жігіттердің осы өнірден алған әсерлері көп. Әсіреле, темір жолдың Шаржы мен Байрам-Әлі аралығын жалғастыратын соңғы бөлігіндегі естен кетпес ерекше көріністер қайран қалдырыды. Ұшы-қызыры жоқ шөл дала. Адам жанын құлазытар бірөңкей құм төбелер таусылар емес. Көз қарықтырар шақырайған күн. Алтап... Тіпті мынау қапырық ыстық ауа бұлардың өкпе-бауырларына дейін “балқытып” бара жатқан тәрізді.

Сағадаттың немере ағасы Мәкен Бекмағамбетов:

— Температура қандай екенін білер ме еді? — деп тағатсыздана бастады.

— Минус он, — деп қуақылана жымиды Сағадат.

Оның жауабы бөрін күлкіге кенелтіп, өзіл-қалжынның тиегі ағытылды.

— Тоным болса, “тоңбас” едім-ау!..

— Ал моншада бumen шабынғың келмей ме?

Сағадат, Мәкеннен басқа Алексеевқадан бірге шыққан Генка Никитин және Николай Бердниковпен жақсы таныс. Олармен жұптары жазылмай бірге жүреді. Кейбір жерлестерінің денсаулық жағдайына байланысты медициналық комиссиядан оте алмай қалғандары оқінішті. Николай Соболев, Илья Колебаев, Григорий Мовчандар батыс тараپына жөнелтілді. Алғашында олар бір құрамда болған-ды. Бірақ Петропавл қаласында бір-бірімен қызыспай қош айтысуларына тұра келді. Албырт мінез орімдей жастар жеңіспен оралған бойда тұған елде, Трудовоеда кездесетін болып уағдаласты.

Пойызда қай-қайсысы болсын, “Совинформбюроның” күллі мәліметтерін қалт жібермей қадағалап отырады. Әзірge ауыз толтыра айтарлық жақсылық-жаңалық нышаны байқала қоймайды. Сегіз айға созылған Севастополь қорғанысы аяқталыпты. Фашистер Воронеж бағытындағы қорғанысты да бұзып отіп, Донға қарай бет алған. Жау жағы енді Волгага коз сұғын қадаң отырған сыңайлы.

Адам тозгісіз аптаста шыжғырылып өрі қайда тап боларын сарыла күтүмен шаршаң-шалдыққан болашақ, курсанттар қыркүйектің бас кезінде Мұргаб шұратында орналасқан ақтық пункт — Байрам-Әлі қаласына келіп жетті. Саз балшықтан салынған бір қабатты құрылыстары бар шағын қала. Жергілікті тұрғындарының саны Алексеевқадағы ауылдастарынан көп бола қоймас.

Әскери қалашық елді мекеннің шет жағына орналасыпты. Мана осында тұрып оқытындарын хабарлаған. Мұнда Бірінші Түркістан пулеметшілер училищесі бар.

Жігіттер үш күн қатарынан әк, кірпіш тасумен айналысты. Содан кейін оларды рота, взвод, болімше бойынша жіктеді. Көп ұзамай қабыргаға оқуға түсу емтиханының кестесі ілінді. Онда негізінен орыс тілі мен математика пәнін білуге баса көніл бөлінген. Тағы да медициналық комиссиядан өтулеріне тұра келді. Коптеген жігіттер жаңа сынақтан сүрінуі себепті есептен шығарылып, әскери болімдерге — майданға жөнелтілді. Солардың қатарында Сағадаттың жерлесі Орынбай Кекішев те бар еді...

Енді жоспарлы сабактар басталуы тиіс-тін. Бірақ аяқ астынан училищені кошіру жөнінде бүйрық шығыпты.

Қайда? Күшкага! Мектепте оқып жүргенде география сабакында отырып, бір кездері өзі де елінің ең бір алыс — Оңтүстік нұктесіндегі елді мекенге тап боларын қайдан білсін... География пәнінің мұғалімі Клавдия Ивановна Белецкая Күшкага туралы айтқанда, оқушыларды қызықты өңгімесімен баурап алатын.

Бес-алты мың тұрғыны бар бұл мекен осы аттас өзеннің аңғарына орналасқан. Мұнда XIX ғасырдың өзінде әскери бекіністің іргесі қаланған және оның ерекше белгісі: Романовтар әулетінің билік құрғанына үш жұз жыл tolуы құрметіне орай Ескерткіш-Крест қойылғанын командирлерінен естіді.

Курсанттарды осыдан жұз жыл бұрын салынған казармаға орналастырды.

Бұл өнірдегі жан шыдатпас шыжыған ыстық қыркүйек айында күшіне мінеді. Бірақ казарманың аса қалың етіп тұрғызылған қабырғалары ыстық ауаның ішке енуіне бөгет жасайды.

Училище жаңадан ашылғанымен, оның жаттығу-материалдық базасы жеткілікті әрі тұрмыстық жағдайлары да жаман емес. Бұларды білікті, әділ де қатаң талап қойғыш командирлер оқыта бастады. Олар майданнан мындаған қашықтықтағы курсанттарға соғыстағы солдаттың ұрыс жүргізуіне не қажет болса, соның бәрін үйретті. Командирлердің коншілігі қанды шайқастың от-жалынына шарпылған, жаумен бетпе-бет кезіккен сақа офицерлер еді.

Батальон командирі капитан Сидоров училищеге ауыр жаракат алғаннан кейін келді. Оның даусы сондай ашық, әуезді. Сағадат кейде оны әнші болуга лайық адам екен-ау деп те ойлайтын. Оған өзіне жақпайтын ыстық ауа райына төзу оңайға соқпады. Сонда да сымдай тартылып, мұнтаздай тап-таза боп жүргені. Сәл ғана тыныс алған сөттерде бұлармен әңгімелесуді ұнататын. Тәртіп пен әскери істің аса маңыздылығына баса назар аударуды айрықша талап етеді.

— Соғыс тым ауыр жағдайда жүріп жатыр, — дейді ол терең күрсініп. — Біздер адам шығыны мен аймақтық ұтылыстарға ұрындық... Мен енді соғыса алмаспышын. Көзімдегі таңғышты көрдіңдер ғой? Басқа да жаракаттарыма сан жетпейді. Сендерге сол жоғалтқандарымызды қайтаруға тұра келеді.

Курсанттар осынау ақ жарқын адамға құрметпен қаралды. Оның айтқандарын макұлдаپ, түптің түбінде борі де жақсы болады, сіз өлі де аттай шауып, айығып кетесіз, ал біздер сіз үшін аяусыз кек аламыз десіп, оның сенімін ақтауға тырысады.

Рота командирі аға лейтенант Сологуб темірдей тәртіптің адамы. Ол тіпті өзіне де, озгеге де босаңсуға жол бермейді. Және өзі марш-бросоктың бірде-біреуінен қалып көрген емес. Егер жаттығу жорығы кезінде өлдебір курсант әл-дәрмені құрып, құлап бара жатқанда да рота командирінің айтары: “Басынды батысқа қарата құла!” Бұл создің сиқырлы күші бары рас. Ойткені тап осы соз айтылған сәтте-ақ әлсіреген курсант кенеттөн бойын тіктеп ала кояды. Ілгері басқан аяғы кері кететін құм үстінде жорық жабдығын қоса арқалап желе-жорту — кез келген курсант үшін ауыр сын. Ал қиналған сөтте қол үшін берер қарулас достың орны болек. Әйтсе де мұндай қындықтарға тозе алмаған курсанттар да арагідік кездесті. Оларды училищеден шығарып, салалық болімдерге жонелтеді.

Училище курсанттарын осындай командирлер оздерінің онеге-үлгілері, тағылым-тәжірибелері арқылы төрбиеледі; соғыс кезінде аудай қажет: тозімділік, табандылық, тапқырлық сынды қасиеттерді бойларына еге біледі, ең бастысы — әскери өнерге баулыды.

Курсанттар Бірінші Түркістан пулеметшілер училищесінің қабырғасынан орта әскери білім алғып шығулаты тиіс еді. Және олар үш жылға есептелінген оқу бағдарламасын небары сегіз айда менгеруге мәжбүр болды. Сол себепті математика, физика, шетел тілі, теориялық математика, электр техникасы, басқа да кейбір пәндер бағдарламадан түгелдей дерлік алғынып тасталды. Бірқатар пәндер, мәселең, әскери тарих пәні бойынша жалпы шолудар істегері ғана өткізілетін болды. Бұларда алдымен орыс армиясының, кейіннен Қызыл Армияның азамат соғысындағы, Кеңестік республикалардың шекараларындағы әскери қақтығыстар кезіндегі жеңістеріне айрықша назар аударылды. Сол жылдары курсанттардың есептеу техникасы жоніндегі түсінігі де жоқ еді. Әскери машина атаулы танымдық сипатта ғана оқытылды. Ойткені соғыстың алғашқы жылдарында Қызыл Армияның механикаландырылуы деңгейі тым томен еді. Тек жаяу әскер мен атты әскерге ғана арқа сүйеді.

Сегіз айлық бағдарламаға майдан жағдайында практикалық маңызы бар пәндер ғана енгізілді. Курсанттар оларды уақытпен санаспай, егжей-тегжейлі оқып-үйрениді. Бұл, ең алдымен: атыс даярлығы, яғни атыс және атысты басқару, содан кейін тактикалық, саптық, дene шынықтыру, саяси оқу, жаттығу-машықтану сабактары. Әсіресе топографияға көп коңыл болінді. Инженерлік, химиялық даярлықтар әдеттегідей тактикамен бірге кешенді түрде жүргізілетін болды. Жоспарлы сабактар: сегіз сағат бойы откізіледі. Кейіннен бұлардан бөлendezей айырмашылығы жоқ — үш-торт сағатқа созылатын орындалуы міндетті өзіндік даярлық басталады. Училищенің пулеметке байланысты атауының өзі курсанттар Максим мен Горюновтың станокты, Дегтяревтің қол пулеметтерін жете менгерулері тиіс екендіктерін білдіреді.

“Максимді” ойлап тапқан американдық Максим Хайрек Стивенс (1840—1916). Оны орыс мылтық жасаушылары біршама жетілдіргеннен кейін “Максим” пулеметімен орыс армиясы қаруандырылды. Калибрі 7,62 мм, салмағы — 64 кг. Ол донғалақты немесе үш аяқты арнайы туғырға орнатылады. Бұл оның орнықтылығын әрі қолденен және тіке коздеу механизмдерін қолдану арқылы ату дәлдігін қамтамасыз етеді. Станокты пулемет — бір километр қашықтыққа дейінгі жанды нысаналарды және атыс құралдарын жою мақсатына арналған автоматты қару. Оны құрамында 5—6 адамы бар болімше (есептоп) іске қосады. “Максим” пулеметін бірнеше болікке бөлшектеп, үш-төрт солдат тасымалдауына болады.

Екіншісі Петр Максимович Горюновтың онертabyсы — “СГ-43” жеңілдетілген станокты пулеметі Кеңес Армиясының қару-жарақ құрамына 1943 жылы қабылданды. Жалпы салмағы 44,5 кг. Оның негізгі артықшылығы — құрылымының қарапайымдылығы мен сенімділігі.

Мұнда училище Басқармасынан келетін аға командирлер мен офицерлер қатаң бакылап отыратын жоспарлы сабактардан басқа взвод және болімше командирлері басшылық ететін өзіндік даярлық жұмыстары да күн сайын откізіледі.

Сондай бір дайындық кезінде болімше командирі Генадий Никитин дәптер парагына оқтың ұшу траекториясын осымен бірнеше рет сзып көрсетті. Николай Бердиников ауыр курсіне:

— Қағазды текке кетірме, бәрібір, миыма қонбайды, — деді.

— Тұсінерсің, досым. Тұсінуге мәжбүр етемін, Коля. Алексеевканы үятқа қалдырма.

— Мені мәжбүр етердей сен кімсін?

Сағадат болімше командирінің Бердниковқа ала козімен ата қарағанын байқады. Бірақ дoreкілікке бармай, салмақты тіл қатты:

— Жолдас. Осы да жетер.

Николай үнсіз қалды. Сонғы уақыттарда оның үнжырғасы түсіп кетті. Қатты қиналып жүрмін деп шағынады. Нашар үлгерімі үшін жуырда училищеден шығарылып, салалық бөлімге жіберілетінін жиі айтады. Геннадий болса, оған әр түрлі жолмен ықпал етуге тырысады. Ұялтып та корді. Теорияны құр жаттамай — мағынасын түсініп оқуға мәжбүрлейді. Никитин шындығында, ерік-жігері мықты, үстамды жігіт-ау деп ойлады Сағадат. Оз басы ол үшін от пен суға түсуге өзір. Онымен майданға бірге аттанар ма еді... Сағадат осылайша ойға шомып тұрғанда Никитин бұған:

— Бекітпені болшекте! — деп бүйрық берді. Ал өзі: “бір, екі, үш...” деп санап тұр. Осыдан бір сағат бұрын вагоннан сексеуіл түсіргендіктен бе, саусактары өзөр илігеді. Бірақ сыр бере қойған жок. Командирінің айтқанын орындалап бола бере:

— Бүйрық орындалды! — деп санқ ете қалды.

— Жаман емес. — Болімше командирі Сағадатқа риза кейіппен қарады да, келесі кезекте Бердниковқа мойын бұрды:

— Енді сен жина! — деді.

— Қашанғы өстесің? Бәріне тойып біттім, — деп қасарыса кетті ол. Геннадийдің бет-олпеті қуарыңқырап барып орнынан тұрды да, станокты пулеметтің өте қурделі механизмі — бекітпені қалай болшектеп-жинау керектігін қайталап көрсетті. Егер мұны үйренсен, пулемет құрылғысын толық білдім дей бер.

Жаттығу сабактарының бәрі дерлік “дабыл қағылуы” бойынша басталады. Ондай дабылдың қанша рет болғанын кім санапты?.. Жас курсанттар мұның мәнісін жете түсінбей, сабакты неге “кәдімгі команда” бойынша бастамайды десіп, таңданады. Тек уақыт оте келе, мұның ең әуелі өздеріне аса қажеттігін үғынды. Расында, “дабыл”

бойынша берілген команда болашақ командирлерді шапшандыққа, жинақылыққа, байқампаздыққа дағдыландырады.

— Д-а-а-а-был!

Дабыл үні естілген бойда бірер минуттен кейін курсанттар ротасы аяғынан тік тұрып, түн қойнауына сіңіп бара жатады. Қозғе тұртсө көргісіз қарандыра қол шамдардың қызығылтым жарығы жылтылдайды. Бұлар Ауған шекарасына қарай жеделдете жүріп келеді. Жел айдаған ұсақ тастар аяққа соққылап, көтерілген құм қиыршықтары бетжұздеріне тікенектей қадалады. Құлақ-мұрын түгілі, тістерінің арасына дейін шықыраған құм... Курсанттар бұл секілді өздеріне үйреншікті боп кеткен жағдайға елең ете коймайды. Ең бастысы — дабыл не үшін қағылды, соны білу.

Бұлар түн жамылып, азимут бойынша жайымен жылжып келеді. “Жұғір! Жұғір!” — деп бұйыра сөйлеген дауыс жиі естіле бастады. Сағадат бұдан да бір вагон жүкті жалғыз өзім түсіргенім жақсы еді деп ойлады. Шашы суланып, маңдай тері көзін ашытып барады. Бірақ құм аралас терді сұртуге болмайды. Шіркін, бір жұтым су болар ма еді? Бұларға сілекей болінбеуі үшін майшабақтың бір түйірін ғана аузына салуына рұқсат. Ал оны қайдан алмақ?..

Сағадат өзі курсант болған кездері және Орта Азияда үзақ жылдар бойы әскери қызмет атқарған жылдарда да солдаттар суды неғұрлым аз ішүі керек дегенді жиі еститін. Тіпті шөлге шыдамағандарды жазаға тартатын. Бірақ ешкім тексеріп көрмеген бұл “теорияның” қажетсіздігі кейіннен анықталды. Сол-ақ екен: “Су ішкің келе ме — іше бер”, — дейтін болды.

Сондағы марш-бросок курсанттардың қай-қайсысына да оңай тиген жоқ. Қайтар жолда Коля Бердников босаңси бастады. Кенеттен құлап түсті... Никитин мен Сағадат қолтығынан демеп еді: “Жігіттер, мені осында қалдырындар”, — деп қарсылық корсетті. Бұған олар көніл аудармай, жолдастарын алға сүйрей жөнелді. Ол сөл тыныс алған соң — күш жиып, еңсесін тіктеді. Сағадат Бердниковты бір қатерден құтқарғандарына балаша қуанды.

Таң алдында оралған курсанттар карабиндерін тазартқан бойда түяқ серіппестен қалың үйқыға кетті. Сағат алтыда команда бойынша төсектерінен қарғып тұрып, тағы да топырлай сыртқа үмттылды. Тағы да кесте бойынша: